

«БЕКІТЕМІН»
Айтқұл Шынасилов атындағы орта мектеп директоры
Айтқұл Шынасилов **І.Қ.Назарбеков**
«30» 08 2022 ж.

Ата-аналар қоғамдық кеңесінің ережесі

1.Жалпы ережелер

1.1. Бұл ереже жалпыға орта білім беретін орынның өзін-өзі басқару ұйымы болып саналатын орта мектебінің ата-аналар қоғамдық кеңесінің іс-әрекетін жария етеді.

1.2. Ата-аналар қоғамдық кеңесі туралы ереже мектепшілік ата-аналар жиналысында қабылданады және құрылтайшылардың келісімі және мектепшілік бұйрықтың шешімі төңірегінде бекітіледі.

1.3. Ата-аналар қоғамдық кеңесін төраға басқарады. Ата-аналар жиналысын өткізуге мүшелері жауапты болады.

1.4. Ата-аналар қоғамдық кеңесін жұмысының жүйелі жасалуын бақылау үшін мектеп директорының орынбасары мүшесі болып бекітіледі.

1.5. Ата-аналар қоғамдық кеңесін жұмысы БҰҰ-ның Баланың құқығы туралы конвенциясымен, ҚР Білім туралы заңы, білім беру ұйымдарындағы типтік ережелермен, мектеп жарғысымен және жалпы ережелермен байланысты болады.

1.6. Ата-аналар қоғамдық кеңесін шешімі ұсыныс ретінде беріледі. Ата-аналар комитетінің міндетті түрде орындалатын шешімі тек қана мектепті қалыптастыру мақсатында құрылған бұйрықпен байланысты болады.

Ата-аналар қоғамдық кеңесінің негізгі міндеттері.

Оқушылардың мүддесін қорғау мақсатында педагогикалық әріптестікті тиімді дамыту жүйесін қалыптастыру;

Ата-аналар қоғамының мектеп өміріне белсенді қатысуына тарту, сыныптан тыс және мектептен тыс жұмыстарды ұйымдастыру, сонымен қатар оқушылардың тұру мекені бойынша тәрбие жұмысына тарту;

Білім ұйымдарының толық және орталықтандырылған қауіпсіздік жүйесін дамыту бойынша мемлекеттік органдармен әріптестікті іске асыру; Отбасы мен некенің негізі мен құндылығын қоғам санасында нығайту бағытталған отбасы тәрбиесіне қоғамдық қолдау көрсету. Оң нәтижелі отбасы тәжірибесін насихаттау;

Білім ұйымдарының материалдық-техникалық базаларын нығайтуда, оқушылардың демалысы мен сауықтыруын ұйымдастыруда көмек көрсету; Ата-аналардың педагогика және психология мәселесіндегі құзырлылығын көтеру мақсатында ата-аналар университеті, конференциялар, дөңгелек үстел, жиналыстар сияқты аймақтық ағартушылық қызметіне қолдау көрсету;

Ата-аналар қоғамы алдында мұғалім, мектеп жетекшілері, білім қызметкерлерінің қоғамдық маңызын көтеру;

3.Ата-аналар қоғамдық кеңесінің қызметі

Бұқаралық ақпарат құралдары, Интернет арқылы қоғаммен ашық әрекет ұйымдастырады;

Жұмыс тәжірибесін тарату үшін ең үздік ата-аналар комитеті, білім ұйымдарының қорғаншылық кеңестері туралы мәлімет базасын қалыптастырады.

Білім жүйесінің проблемаларын шешуге бағытталған мақсатты бағдарламаларды дайындау және жүзеге асыру, отбасына қолдау бойынша акцияларды өткізуге қатысады, аудандық шараларды ұйымдастыру және өткізуге қатысады;

Оқушылардың оқу мен тәрбиесі бойынша ата-аналар қоғамы үшін конференциялар, дөңгелек үстелдер ұйымдастырады және өткізеді;

Білім және тәрбиенің жекелеген проблемалары бойынша ұсыныстар дайындау үшін мамандарды тарта отырып, Кеңес мүшелерінен сараптама жұмыс тобы мен уақытша шығармашылық ұжымды қалыптастырады.

2.1.Оқу процесін ұйымдастыруда қалыпты жағдайлар жасау (*оқулықпен қамтамасыз ету, көрнекі –құралдар дайындауға көмектесу*);

2.2. Әр сыныптағы ата-аналар комитетінің іс-әрекетін жүйелеу, бақылау;

2.3.Ата-аналар арасында түсіндіру және ұсыныс беру жұмыстарын ұйымдастырады;

2.4. Мектепшілік іс-шараларды ұйымдастыруда ата-аналардың мектеппен байланысын нығайту;

2.5.Мектептің жаңа оқу жылына дайындығына қатысу;

2.6.Мектеп әкімшілігімен бірге дұрыс тамақтанумен дәрігерлік қызметті бақылайды;

2.7. Мектеп әкімшілігіне мектепшілік жалпы ата-аналар жиналысын өткізуге көмектеседі;

2.8. Өз тараптарына түскен ұсыныс, сұрақтарды қарастырады. Мектеп басшысының нұсқауымен осы ережеде көрсетілген комитет құзырындағы мәселелерді қарастырады;

2.9. Комитет құзырына кіретін мектепшілік сұрақтарды қарастырады;

2.10. Оқу процесіндегі қауіпсіздік шарттарын іске асыруға, ұйымдастыруға санитарлық-гигиеналық ережелермен талаптарды сақтауға қатысады;

2.11. Мектеп өмірінің қалыптасу дәстүріне байланысты үгіт насихат мәселесімен басқа қоғамдық ұйымдармен байланыс жасайды;

2.12. Кәмелетке толмағандардың арасындағы тәртіпбұзушылық, бақылаусыздық, қараусыздық пен қылмыстың алдын алу мәселесі бойынша мектептің педагогикалық коллективімен байланыс жасайды;

2.13.Комитет құзырына жататын мектепшілік іс-шаралар өткізу және басқа мәселелер бойынша мектептің өзін-өзі басқару, басқада ұйымдармен байланыс жасайды;

2.14. Жалпы оқуға қамту қорынан бөлінген қаражатты бөлуде байланыс жасайды.

3.Ата-аналар қоғамдық кеңесінің құқығы

Осы ережеде айтылған қоғамдық кеңесін құзырына сәйкес төмендегідей құқықтары бар:

- мектептің әкімшілігіне, өзін-өзі басқару ұйымдарына ақпараттар жөнінде нәтиже алу, оларды қарастыруға ұсыныс жасау;
- басқа мекемелермен ұйымдарға түсініктеме беруге;
- мектеп әкімшілігінен және өзін-өзі басқару ұйымдарынан ақпарат алу немесе оны тыңдау;
- сыныптардың ата-аналар қоғамдық кеңесінің шешімдеріне сәйкес оқушылардың ата-аналарын өз отырыстарына шақыру;
- отбасындағы бала тәрбиелеудегі кемшіліктері үшін ата-аналарға сын айту;
- мектепшілік және т.б іс-шараларды өткізуге көмектесіп, белсенділік танытқан ата-аналарды марапаттау;
- өз қызметтерін іске асыруда қоғамдық кеңесінің мүшелерінің жетекшілігімен тұрақты және уақытша комиссияларды ұйымдастыру;
- ішкі актілерді құрастыру және қабылдау;
- қоғамдық кеңесінің құзырына жататын педагогикалық кеңестің жеке отырыстарына өзін-өзі басқару, басқа ұйымдардың мәселелеріне байланысты отырыстарға қоғамдық кеңесінің төрайымы қатыса алады.

4.Ата-аналар қоғамдық кеңесінің жауапкершілігі

- жұмыс жоспарының орындалуына;
- қоғамдық кеңесінің ұсыныстары мен шешімдерінің орындалысына;
- мектеп әкімшілігімен ата-аналар арасындағы отбасылық және қоғамдық тәрбие жөніндегі өзара түсіністік мәселелерін қалыптастыруға;
- қолданылатын заңнамаларға сәйкес сапалы шешімнің қабылдануына;
- қоғамдық кеңесінің жеке және барлық мүшелерінің әрекетсіздігіне;
- ата-аналар қоғамдық кеңесінің төрағасының (төрайымы) ұсынысы бойынша комитет жұмысына қатыспаған мүшелері, сайлаушылардың шешімімен орнынан алынуына жауап береді.

5.Жұмысты ұйымдастыру

5.1. қоғамдық кеңесін құрамына әр сыныптардан бір ата-ана кіреді. Жыл басындағы өтетін ата-аналар жиналысындағы өкілдер қоғамдық кеңеске сайланады.

5.2. Қоғамдық кеңестің сандық құрамы өз еркімен анықталады.

5.3. Өз құрамынан қоғамдық кеңесінің төрағасы (төрайымы) сайланады. (санына байланысты төрағаның орынбасарлары мен хатшылары сайланады)

5.4. Қоғамдық кеңесі мектеп директорының келісімімен жасалған жұмыс жоспарымен қызмет етеді.

5.5. қоғамдық кеңесінің өз жұмысы жөнінде жылына екі рет жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысында есеп береді.

5.6. қоғамдық кеңесінің отырысқа қатысқан тең жарты мүшелерімен шешім қабылдай алады. Шешім көпшілік дауыс арқылы қабылданады.



**Айтқұл Шынасилов атындағы орта мектебі бойынша
«Парасат аналар мектебі» іс-шаралар жоспары**

№	Іс-шаралар	Мерзімі	Түрі	Жауапты
1	Клуб мүшелерін анықтау, жоспармен таныстыру	Қыркүйек	Отырыс	Аналар клубының төрайымы Клуб мүшелері
2	«Анасы бар адамдар қартаймайды»	Қазан	Әдеби кеш	Аналар клубының төрайымы Клуб мүшелері
3	«Қыздардың тәрбиесіне айтар ақылыңыз» атты жас аналарға кеңес беру	Қараша	Кеңес беру	Аналар клубының төрайымы Клуб мүшелері
4	«Сіздің бүгінгі жастар туралы ойыңыз және айтар ақылыңыз» атты пікірлесу өткізу	Желтоқсан	Пікірлесу	Аналар клубының төрайымы Клуб мүшелері
5	«Қыздардың әсемдігі рухани тазалығында» тақырыбында әр сыныпта аналар қыздарға сынып сағаттарын өткізу	Қаңтар	Өнеге сабақ	Аналар клубының төрайымы Клуб мүшелері
6	«Отбасындағы ана тәрбиесі мен қыздың өнері» атты 5-7 сынып қыздары мен аналары арасында жарыс ұйымдастыру	Ақпан	Жарыс	Аналар клубының төрайымы Клуб мүшелері
7	«Бүгінгі ибалы қыздың болашағы жарқын» тақырыбында 8-11 сынып қыздарымен кездесу ұйымдастыру	Наурыз	Кездесу	Аналар клубының төрайымы Клуб мүшелері
8	Қыздардың рухани байлығы- болашақ ұрпақтың тәрбиелігі	Сәуір	Бейне ролик шолу	Аналар клубының төрайымы Клуб мүшелері
9	Аудандық білім бөліміне жартыжылдық бойынша атқарылған жұмыстары туралы ақпарат өткізу	ЖелтоқсанМамыр	Анықтама	Аналар клубының төрайымы Клуб мүшелері